

14 Наурыз
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады

«ӘЛЕМНІҢ СЫҒЫ – ӘЙЕЛГЕ!»

АНА – СҰЛУЛЫҚТЫ, ЖАРАСЫМДЫЛЫҚТЫ, КӨРІКТІЛІКТІ, БАРША ИГІЛІКТІ БОЙЫНА СІҢІРГЕН ТҰЛҒА. ДҮНИЕДЕГІ СҰЛУЛЫҚ АТАУЫ КҮН НҰРЫНАН, ӘЙЕЛ ЖАНЫНЫҢ АЖАРЫНАН, АНАНЫҢ МЕЙІРІМІНЕН ЖАРАЛҒАН. БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАН ЕЛ ЕҢ АЛДЫМЕН ӘЙЕЛДЕРДІ АРДАҚ ТҮТҚАН, АНАНЫ АЯЛАҒАН. АНА – ӨМІРДІҢ ГҮЛІ, КӨҢІЛДІҢ ЖЫРЫ, ӨР ОТБАСЫНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ.



Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі «Ана» деп соқса, сондықтан мерекелік кештегі ықылас, құрмет аналарға арналды. Аудандық мәдениет үйінде «Әлемнің сығы – әйелге!» атты мерекелік

салтанатты жиында аудан әкімі Асқар Қазыбаев әйелдер қауымын 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтап, өзінің ізгі лебізін білдірді. Сонымен қатар, аналарға сый-сыяпаттар көрсетіліп, түрлі салада еңбектерімен көзге түсіп жүрген қыз-келіншектерге

алдымен облыс әкімінің алғыс хатын табыстап, бір топ қыз-келіншекті өзінің алғыс хатымен марапаттады. Сондай-ақ, Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары Нұрбану Арыстанова мен «Мархабат» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Гүлсім Елекбаеваға Ойыл аудан-

ының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» салтанатты шара әрі қарай халықаралық әйелдер не арналған жергілікті ерпаздардың концерттік бағ-

АҚ ТІЛЕКТЕР АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН



Өр отбасының береке-бірлігін қалыптастырып, халқымыздың дәстүрі мен салтын, оның мәдениеті мен тарихын, тілін қадірлеуді ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан аналарға құрметтің артығы жоқ. Алайда, көктемдегі аналарға арналған меншікті мерекенің жөні бөлек. Мереке қарсаңында "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығында халықаралық әйелдер

күніне арналған шаралар легі Батыр аналар мен Алтын алқа иегерлері және тыл ардагерлеріне арналды. Дастарқан басында бір-біріне ізгі лебіздерін жолдаған аналарды аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманғосовтар құттықтады. Ақ жаулықты аналардың тілегі әнмен әрленіп, өлеңмен өрілді.

ӘСЕМ - ӘЛЕМНІҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ



Марокко елінің Марракеш қаласында пара жеңіл атлетикадан өткен «MARRAKECH-2023» әлемдік Гран-Приде жерлесіміз Әсем Байтурова найза лақтырудан күміс жүлде жеңіп алды. Бұған дейін де Әсем талай облыстық, республикалық жарыстарда бақ сынап, өзінің шеберлігімен,

күш жігерімен көзге түсіп үлгерген еді. Мұндай сенімге ол оңайлықпен жеткен жоқ. Біз Әсемге алда талай биіктерден көрініп, ел мақтанышы болып, көк туымызды желбіретіп жүре бер дейміз. Жарайсың, Әсем! Өрқашан алға!

ОРАЗАДА ОРЫНДАЙТЫН 10 АМАЛ



Бір ізгі адам «Рамазанның сауабынан құр қалу – бүкіл дүниенің игілігі мен жақсылығынан мұқтаж отбасыларға таратуға кеңес берді.

1.Құранмен дос болу
Құран оқылған, оған амал етілген үйде Алланың берекеті орнайды. Ардақты Пайғамбарымыз: «Үйлеріңізде Құран Кәрімді көп оқыңыздар...» деп өсиет еткен. Өйткені, «Құран оқу – көңілдің шипасы» (хадис).

Алла Елшісі Рамазан айында Құранды бірнеше рет хатым ететін. Қасиетті кітапты хатым етумен қатар, жаттауға, оған амал етуге тырыссақ – нұр үстіне нұр. Арапшадан оқи алмайтын адам аудармасын оқыса да сауап алады. Алланың мейірімі кең, Ол көңілілік Иесі. Ниетке сай сауабын береді.

2.Түнді намазбен өткізу
Түнгі намаз – жүректің тыныштығы, екіжүзділік дертіне шипа, Алламен берік байланыс орнататын риясыз құлшылық. «Түнгі намазға аса мән беріңдер. Сендерден алдын өткен ізгі адамдар оны үнемі орындап жүретін. Түнгі намаз Жаратушыға жақындатады, жамандықтарыңды өшіреді және күнәлі іске баруға тосқауыл болады» (хадис). Рамазанда оқылатын тарауық намазына тахажуд қосылса – құба-құп.

3.Ұдайы дұғада болу
Дұға – мұсылманның қорғаны. «Дұға – ғибадаттың мәні» (хадис). Алла Тағала «Мүмин» сүресінің 60-аятында: «Менен сұрандар. Тілектеріңді қабылдаймын», – деп уәде еткен.

Таңғы және кешкі, жұма және Қадір түнінде, т.б. уақыттарда айтылатын дұғаларға мән беру қажет. Біздің бір басымызда қаншама проблема толып жатыр. Оның сыртында отбасымыз, туған-туыстарымыз, дос-жаран мен көршілеріміз үшін екі дүние игілігі тілейтін дұғамыз бар. Рамазан – Жаратқаннан жарылқау тілейтін ай. Бір-бірімізге дұғада болайық. Алла Тағала жер бетінен жұқпалы індетті жойып, жақсылықта жолығуды жазсын. Еліміз бен жеріміздің берекеті үшін де дұға жасауды ұмытпайық.

4.Пітір садақасын беру
Садақа – жамандықты жоятын амал, айналамыздағы көмекке зеру адамдардың ақысы. Пітір садақасы – Рамазан айында пенделікпен жасап қойған қате-кемшіліктеріміздің өтеуі, жетіспеушілік салдарынан көңілі жабырқаған жарлы-жақыбайлардың ақысы. Басымыздың ама-нында, қолда аз-көм ақшаның барында пітір садақасын беріп, қоғамға шарапатымызды тигізетін.

5.Ауызашар ұйымдастыру
Карантин кезінде топтасып жиналуға болмайды. Бұл – сауап іздеген адамға тығырыққа тірелу деген сөз емес. Бас мүфти Нау-

рызбай қажы Тағанұлы ауызашарға кететін қаржылай шығынды немесе азық-түлікті көмекке мұқтаж отбасыларға таратуға кеңес берді.

Асылында құдайы асқа, ауызашарға тамақ тауып жеуі мұң болған жандар шақырылады. Мәселен, он адамға ауызашар бергізіп келді делік. Ауызашарға кететін ақшаны соларға таратып берсеңіз де болады. Алланың қалауымен он адамға ауызашар бергеннің сауабын аласыз. Хадисте айтылғандай, мұсылманның ниеті амалынан қайырлы.

6.Истиғфар айтып, салауат жолдау
Біз кейде зіл сөзбен, жағымсыз мінезбен қаншама жанның жүре-гін жаралаймыз. Ойдан жүрік дүние бар ма десеңші?! Санамызға қаншама бұзық ойлар келеді. Алла бізді жаман ойымызға байланысты жазалайтын болса... Ай-тудың өзі қорқынышты. Теріс ой мен ғайбат сөзіміз үшін кешірім сұраудың ең қарапайым үлгісі – «Алла мені кешірсін» деп истиғфар айту.

Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айту уайым мен қайғыдан арылтады. Алла Елшісіне салауат айтуымыз – өзімізге амандық пен береке тілеуіміз. Сөз бен ойдың оразасы адамды тақуалыққа тәрбиелейді...

7.Тамақты төхөу
Тамақа қатысты насихат айтуға басқа-басқа мен лайықты емеспін. Тамақ – нәпсіге ең ұнамды дүниенің бірі. Дегенмен, Рамазан – аз тамақ жеп, көп құлшылық жасауға тәрбиелейтін ай. Расында, көп асаған көп ұйықтайды. Көп ұйықтаған көп игіліктен құр қалады. Ауызашар тамақа толып алатын сәт емес. «Ауру – астан» деген. Көп жеген артық салмақ жинайды. Артық салмақ ауру шақырады... Алла сақтасын!

8.Уақытты жүйелеу
Рамазанда әрбір сәт маңызды. Уақыт – мүмкіннің нығметі, оны ізгі істерге арнасақ – досымыз, бос өткізсек – дұшпанымыз. Бір сәтте досыңа да, дұшпаныңа да айналатын уақытты қалай пайдалану – өркімнің өз таңдауында. Досты таңдайық!

9.Оразада отбасыға көңіл бөлу
«Сен саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады» деген тәмсіл бар. Осы сөздің мағынасын «майыстырып» айтсақ: отбасы тәрбиесімен айналыспасаң, бала-шағаң сенімен айналысады. Расында, солай. Бала-шағаға көңіл бөлмесең, тәрбиесі нашарлап, сені бір күні ұятқа қалдырады. Ауызашар, сәресі отбасымен рухани сұхбат құрудың сәулелі сәті емес пе? Сәтті жіберіп алмайық. Әр сәт – ғанибет...

10.Өзімізді өзгертпесек...
Бір ғұлама «Рамазаншыл болма, Құдайшыл бол» деген екен. Расында, бір жұтым судың қадірін сездірген, шариғаттағы тыйым бұлай тұрсын, рұқсат етілген істен нәпсіні тежеуді үйреткен оразадан кейін өзімізді өзгертпесек енді ұят...

Бұл айтылған он амал біздің ойға келген дүниелер. Оған қосам десеңіз – мархабат!

Агабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
<https://www.muftiyat.kz/kk/> сайты



Қазақтан шыққан тұңғыш балерина – Нұрсұлу Тапалова.
Ол 24 жасында Қазақ КСР еңбегі сіңген артисі атанған.

Сыр тұнған сиқырлы саусақ
Отызыншы жылдардың басында қазақ музыка ғылымының атасы Ахмет Жұбанов бастаған комиссия Ойыл ауданына сапарлады. Қонақтар құрметіне жайылған дастарқан мен төгілген ән мен күй меймандардың мерейін өсіре түсті. Өсіресе сол кеште деңгеле-не би билеген бүлдіршін қыз елдің назарын аударған-ды. Би біткен-ше қылт еткенді қалт жібермейтін Ахаңның қырағы көзі сиқырлы сүйіркі саусақтарға қадалды да қалды. Ауылдан аттанарда астанаға шақырылған өнерлі жастардың ішінде 11 жастағы Нұрсұлу да бар еді. Өйтсе де әртістік өнерді жын-шайтандай көретін сол тұстағы ауыл психологиясы талай таланттың танылуына тосқауыл болғаны анық. Алайда солардың арасынан тулымы желбірген Нұрсұлудың ғана кейін Алматыға аттануына әкесі Елубайдың ықпалы зор болғанға ұқсайды. Ойылдан шыққан отарбаның үшінші қабатында теңселіп, Алматыға жеткен Нұрсұлудың қиялына қанат бітіп, сол сәт қатты қуанғаны да есінде. Дегенмен пойызға салып тұрып: «Қызым, Алматыға барғанда ғана жерге түс. Алпаға аманаттадым өзіңді», – деп жанары жасаураған әкесінің бейнесі үнемі көз алдында тұрды. Алматыға келген 13 жастағы балауса қыз Мемлекеттік опера және балет театрынан бір-ақ шығады. Өйгілі балетмейстер А.Александровтың аялы алақанына түседі. Биге талабын байқаған ұстазы оған Мәскеу, Ленинград қалаларындағы хореографиялық училищелердің ұлттық би бөліміне оқуға түсуге кеңес береді.

Алайда Нұрсұлу өзінің алғашқы өнер мектебі әрі үлкен сахнасы қазақтың опера театрында қалғысы келді. Жас бишінің есімі елге күннен-күнге таныла түсті. Ол Александров жетекшілігіндегі театр студиясында оқып жүрсе де, сахнадан сырт қалған жоқ. Кейін би падишасы Шараның рөлдерін Нұрсұлуға ғана сеніп тапсыратындай деңгейге жетті. Бидегі шеберлігі сонша Нұрсұлудың «Қыз Жібек», «Қалқаман-Мамыр» қойылымдарында Шараны алмастырғанын көрермен тіпті аңғармай да қалатын. 1938 жылға дейін кардобалет әртісі, кейін балет бишісі болған Нұрсұлу қайталанбас образдар жасап шығарды. Өсіресе прима балерина бола жүріп ұлттық операларда жеке билер шығарған оның тұңпы турған талант екенін елдің бәрі мойындаған тұс та осы еді.

Ел арасында Нұрсұлу Тапалова десе, «Ооо, Зарема!!!!» деп бас бармағын көтеретін деңгейге жеткен жас бишінің атағы күн санап жайылып келе жатты. Бұл туралы әріптесі, халық әртісі Болат Аюханов

нов «Менің балетім» деген кітабында: «Нұрсұлу – бисіз өмірін елестете алмайтын нәзік жан. Ол атақты Галина Улановнамен «Бақшасарай бұрқағында» Зареманың рөлін ойнады. Нұрсұлу Зареманы классикалық дайындықсыз биледі. Алайда оның Заремасы нағыз шығыстың аруы болып шықты! Оның биін көріп отырып биге елітіп кетпеу, ғажайып сұлу биіне қарай отырып, оның тартымды әсеріне ерекше бой алдырмау мүмкін емес-тін. Нұрсұлу Тапалова дәстүрлі классикалық би өнерінің толып жатқан қым-қуыт қиындығын орасан зор ерекше күшімен жеңе білді. Ол қиындығы мол ерекше тәсілдерді бейнелер арқылы сомдап, олардың нәзік сезімдерін көрерменге айрықша жеткізе білді. Бұл биші нағыз ұлтының бағына жаралған» деп жазды. Оған қоса Нұрсұлу апамызбен «Аққу көліндегі» испан биін билегенін есіне алған Болат Аюханов «Мен оның қасында жүріп өртегідегідей әдемілікті сезіндім. Ол билеген «Ер Тарғын» операсының соңғы актісіндегі биі ерекше еді. Нұрсұлу билеген сиқырлы сахнаға қарай бергің келетін» деп еске алыпты («Ақтөбе» газеті, 2008, 28 ақпан). Иә, сахна мен көрерменді Тәңіріндей көретін Нұрсұлу Тапалова билер алдында қатты толқып, әртістердің бірі кешігіп жатса мазасызданып, тіпті кейде найзағайдай шытынап кетеді екен. Алайда сахнада қанат біткен көбелекке ұқсайтын оның жүзінде әлгіндегі ашудың ізі де қалмай, оның орнына оймақтай қана әдемі шұңқыр пайда болып сала беретін-ді...

Нұрсұлу төккен нұрға шомыла жүріп, оның өміріне көлеңке түсіргендер де болды. Тасадан тас атқан театр интригасы балеринаны биігінен құлатқысы келді... Ақыры 1953 жылы отызға енді ғана шыққан Нұрсұлу театрдан кетіп тынды. Оның таланттына тағзын ететін Болат Аюханов бишінің үлкен сахнадан ерте кеткенін талай мәрте айтып та, жазып та жүрді. Бірақ, естір құлақ пен көрер көз болмады. Театрдан кетіп, әнби миниатюрасы жанрындағы эстрадалық салаға ауысқан биші Жамбыл атындағы филармонияға қызметке келді. Бұл жерде Одақ пен демократиялық республикалардың ән-би ансамблінің жеке бишісі болып қызмет етті. Оның репертуарында қазақ, қырғыз, өзбек, армян, испан, орыс тағы басқа ұлттардың билері болды. Өз рөлдерін кәсіби деңгейде сахнаға алып шыққан Нұрсұлуды алыс-жақын шетел таныды. Өсіресе, Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде өнер көрсеткен Нұрсұлудың биі туралы сол кездегі Одақ республикаларының баспасөзі жа-

рыса жазып жатты. Ол билеген әзірбайжанның «Джуджелерім» биі талай жанды таңғалдырды. Ол адам бойындағы мейірімділікті, перзентке деген махаббатты би өнерімен ұғындыра білетін хас таланттың нағыз өзі болатын.

«Құрқытайдың ұясы» нәм бақытты өмір

Өнердегі ғана емес, өмірдегі бақталастары Нұрсұлудың басынан бағын тайдыруға тырысты. Не үшін? Оған себеп те бар. Қыз-қырқынның көз құртына айналған жігіт ағасы Нұрсұлуға үйленді. Бишінің Құдай қосқан қосағы – Шоқыр Бөлтекұлы. Кәдімгі қазақ боксының атасы атанған тұңғыш боксшы, бапкер. Кезінде Бауыржан Момышұлының өзі: «Екі-ақ нағыз қазақ бар, бірі – мен, бірі – Шоқыр», – деген екен. Қылыш жүзінен қан тамған қырқышшы жылдары өз тегін «ұлы» деп жаздырған тұңғыш қазақ осы – Шоқыр атамыз. Олар опера және балет театрының қабырғасында алғаш кездесті. Бұл отыз алтыншы жылдары Бөлтекұлының қазақ еліне бокстың былғары қолғабын арқалай келіп, «Бәрекелді!» дегізген тұсы-тын. Шаршы алаңның шағын қаққан Шоқыр атамыз шөкірт тәрбиелеп, боксқа баулу үшін алақандай алаң іздеп, шарқ ұрып жүріп опера және балет театрының бір бөлмесін зорға сұрап алады. Күй таңдайтын күн емес, қарақөз бауырларын жанына жиған Шоқ атамыз жаттығуды бастап кетеді. Алпамсадай алып әрі шымыр денесі шыыршақ атқан жас жігіт кез келген сұлуды қағып түсірердей келбетті-тұғын. Дәл осы театрда мың жігіттің мәселін қайтарған мойылдай мөлдіреген Нұрсұлу Шоқыр-денді жүрегіне шоқ түсіріпті деседі. Өрине, театр әртістері шетінен көрікті келетіні сөзсіз. Сол жердегі сан сұлудың ішінен суырылып шыққан Нұрсұлудай жарына ағамыздың еркелетіп «Лучше всех» деп ат қоюы да содан шығар.

Шоқыр Бөлтекұлы Олар бақытты еді. Өйтсе де, өмір бойы Жамбыл мен Масаншы көшелерінің қиылысындағы «Әртістер үйінің» құрқылтайдың ұясындай ғана бір бөлмесінде ғұмыр кешкен олардың тұрмысы тым ауыр болған көрінеді. Есімдері ел аузынан түспей тұрғанның өзінде беделін бұлдап алақан жайып көрмеген жандар екен. Белгілі журналист Мейрамбек Төлепберген ағамыз кезінде де, қазір де тағы басқа ұлттардың билері болды. Өз рөлдерін кәсіби деңгейде сахнаға алып шыққан Нұрсұлуды алыс-жақын шетел таныды. Өсіресе, Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде өнер көрсеткен Нұрсұлудың биі туралы сол кездегі Одақ республикаларының баспасөзі жа-

тын бір бөлмелі үйдің жүдеулігі сонша, көз тоқтатып қарарлық түкте жоқ. Ол кезде Бөлтекұлының атағынан ат үркетін. Солай бола тұра дүниеге қызықпаған қарапайымдылықты осы кісілерден көрдім. Тіпті Үкімет берген пәтерден ағамыздың өзі бас тартыпты. Оның: «Біз «Лучше всех» (Нұрсұлу апайды атағаны) екеуміз осы жалғыз бөлмеде тұрамыз. Бұл тұңғыш перзентім дүниеге келген, Шәкен Айманов, Бейімбет Майлин секілді достарым дәм таққан шаңырақ. Сондықтан бұл үй маған тым ыстық» дегені бар бір еңгімесінде. Кейін келе құдайы көршісі белгілі музыка зерттеушісі Петр Аравинді қимай қала берді. Ақтық сапарға да Жиренше айтпақшы, осынау «кең сарайдай боз үйінен» аттанды. Бұл менің дос пен салтқа адалдықты алғаш көруім! Ал апай туралы оған дейін естігендерім аңызға бергісіз еді. Сол заманның суретшілері қазақ қызының сұлулығын паш еткісі келсе Нұрсұлуды салады екен-міс. Жадау тұрмыстарына қарамастан сол кездегі апайдың келбетіне қарап «салты аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейтініне» көзім жетті. Апайдың бір қасиеті сол, Шоқ атам секілді ол да өзі туралы айтқанды ұнатпайтын. Тіпті қанша сөзге тартқанымызбен шешіліп сөйлегенін көрмеп-пін. «Кезінде биледік қой» дейтін де қоятын. Атаққұмарлықтан ада адалдық пен абыройдың ақ туын жықпайтын жандардың бір-бірін тауып қосылғандарына таңғалғаным әлі есімнен кетпейді», – деп еске алады.

Белгілі адамдардың белгісіз қырлары

Шоқыр Бөлтекұлы боксшы ғана емес, көнігі қылқаламшы. Кезінде Бакудың көркемсурет училищесін бітірген оның суретшілік қырын жоғары бағалаған жан Б.Майлин болатын. Татардың ұлы жазушысы Ғабдол Тоқайдың суретін салуға тапсырыс берген де сол. Тіпті оның «Қазақфильмде» суретші болғанын біреу білсе, біреу білмейді. Ал Нұрсұлу апай мың бұралған биші ғана емес, «Жамбыл», «Белые розы», «Киноконцерт» фильмдеріне түсіп, актриса атанды.

Иә, олар қазақ үшін өмір сүрді. Бірі спортқа, бірі өнерге өлгердей ғашық еді. Олардың қарапайымдылығы сонша, өз есімдерінен гөрі қазақ атының көбірек аталғанын қалады.

Жоғалған жұлдыз ізімен

Қазақтың қос ұлы перзентінің көзін көрген кісілерден олардың Ақтоты, Ақсұлу есімді қыздары болған дегенді естігенбіз. Жамбыл мен Масаншы көшелерінің қиылысындағы үш қабатты сары үйді іздеп таптық. Бағытымыз – «Әртістер үйі». Аулада кездескен жаннан жөн сұраймыз. Бір кезде жоқшы екенімізді байқады ма, күн шуақтап отырған орыс әжей бізге тап келді. Осы сәтті пайдаланған біз де бағытымызды түсіндіріп әлекпіз. Өзінің елу сегізінші жылдан осы үйде тұратынын айтқан әжей іздеген жандарымыздың осында тұрғанын айтып жөн сінтеді. Үшінші қабатқа көтерілдік. Есікті қақтық. Ешкім ашпады. Сол қабаттағы екі-үш есікті қағуға тура келгенмен жан баласы ешнәрсе білмейтін болып шықты...

Айтуға оңай бағдарламасының Шоқыр Бөлтекұлы мен Нұрсұлу Тапаловаға арналған шығарылымы «Бір білсе сол кісі білер-ау» деген соқыр үмітпен Шоқыр атамыздың шәкірті, халықаралық дәрежедегі төреші, бапкер С.Әбдінәлиев ағамызды іздедік. Таптық. Ол кісінің айтуынша «Әртістер үйіндегі» бір бөлмелі үйді қыздары сатып, басқа жаққа көшіп кеткеніне біраз болған. Мекенжайларын жиі ауыстыратыны соншалық, қазір я Маловодное ауылында, не Қарғалы ауылында тұрады деп естуі бар.

Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрына тиіп сол

жаққа телефон шалдық. Мақсатымыз – кейіпкеріміз туралы титтей де болса дерек табу. Алайда ондағылар «театрды жөндеуден өткізерде барлық құжаттарды Орталық мұражайға тапсырғанбыз» деп аузын қу шөппен сүртті. Ендігі бағытымыз – Селезнев атындағы хореографиялық училище болды. Дерек таппай дағдарған біздің жолымызды оңғарып, биші, балерина әрі осы оқу орнының мұражай меңгеруші Анвара Әріпқызы кездесе кетті. Осындағы мұражайдың қақ төрінен орын берген ұлы бишілер арасынан Нұрсұлу Тапалованың да бейнесі жарқ етті. Бізге керегі осы еді. Аталған оқу орнының қызметкерлері жәрдемін аямады. Құрттай ғана білім ордасының қазақтың есімі елеусіз қалған жұлдызы Нұрсұлу Тапалова туралы азды-көпті деректерін сары майдай сақтап қана қоймай мұражай төрінен орын бергені де кезесі кепкен көңіл құрғырды бір көтеріп тастады.

Бұдан шығып Орталық Мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалары мұрағатына қарай бағыт түзедік. Мұрағатта Нұрсұлу Тапалованың елуінші жылдары түсірілген билері бар таспалар сақталыпты. Қалың қауымның ортасында кілем үстінде мың бұрала билеген оның жанарының жарқылғы мен бетіндегі қос ойық, көз ілестірмейтін жылдамдықта қозғалатын буынсыз білек пен сүйір саусақтарға қадалған көзді тайдырып әкету мүмкін еместей. Сірә, тартылыс күші дегеннің құдіреті осы шығар... Сұлу сиқырдың ішінде отырғанда кенет көз алдымызда көлбөндеген басқа кейіпкер елес берді...

«Білесіз бе, мен ол кісіні кездейсоқ көшеден кезіктірдім. Кім біледі мүмкін танымас па едім. Бірақ, білесіз ғой, пендешілік пайыммен біреу елден ерек қымбат, не өте жадау киінсе соған назар аударатын әдет емес пе? Апайдың үстіне ілген киімінің жұпынылығы сонша, аяп қарадым. Өзіне қадалған жанарды сезді ме, ол бір сәт маған жалт етіп қарады. Жүрегім дір етті. Нұрсұлу Тапалова. Кәдімгі аты жер жаһанға жайылан Нұрсұлу апай ғой мынау... Өзгерген. Тек бір кездегі сұлу жүздің сарқытынан сыр шерткен қара көздегі жарқыл ғана. Тамағыма тас тұрғандай үнім шықпай қаттым да қалдым. Ол кетіп бара жатты. Егде тарқан сайын еңкейе түсетін қарапайым қара кемпірге келіңкіремейді. Сұңғақ та көнігі балериналарға тән қос табанын көлбеу тастай тақаппар да асқақ жүріс...». Бұл Шара Жиенқұлованың шәкірті, биші Ғайникамал Нығметжанқызының естелігі.

«Жоқ! Бұл – Нұрсұлу Тапалова емес» дейді бізге жанұшыра жан даусы шыққан іштегі үн. Иә, ел білетін Нұрсұлу сахнада ақ көбелекке ұқсап ұшып жүретін... Оның бетінде күлгенде пайда болатын әдемі қос шұңқыр бар еді... Өмір-ді десеңізші.

Бишіні ешкім жоқтамады

Хош делік, шеңберге сыммаған Шоқыр атамыз да өтті шолақ қалғаннан. Ізін басқан шәкірттері Серік Қонақбаев, Серік Әбдінәлиев, Болат Нұрсейітов, Болат Мәнкенов бастаған бір топ боксшы жігіттер арулап шығарып салды. Осы кезді көз алдына әкелген Серік Әбденалиев ағамыз: «Үйдің жағдайы кісі қабылдайтындай емес еді. Дерев Серік (Қонақбаев) кісі шақыртып үйді әкетті. Мал сойғызды...», – деп еске алады. Кеңсайдан орын таппаған соң өрлеу жерді тегістеткісі келген боксшы жігіттер бұльдөзерге ақша таппай шарқ ұрады. Абырой болғанда Кеңсайдың сол кездегі бастығы Шоқыр атамыздың шәкірті болып шығып, батыр Баукеңнің қасындағы кішкентай бос орынға жерлеген екен. Сөйтіп, бір кездері «ов-қа» ожыраа қарап, ұлтының «ұлы» екенін мойындатқан қос бірдей ұлы жүрек бір жерде тоғысты.

Араға төрт жыл салып Нұрсұлу апамыз өмірден өтті. Қыздары Тоты Серік Әбдінәлиевке хабарласып, анасының өмірден озғанын айтады. Тағы да Серік Қонақбаев бастаған 3-4 боксшы жігіттер бас қосып, мал сойып, ақырғы сапарға аттандырады. Өкініштісі сол, жаназаға боксшы жігіттерден басқа тірі жан келіп көңіл айтпаған. Тірі жан! Өнерін өміріне балаған, 13 жасынан бастап күллі ғұмырын арнаған опера және балет театрынан да, бір кездері қызмет еткен «Қазақконцерт», Жамбыл атындағы филармониядан да жан баласы бас сұқпаған. Тіпті боксшы жігіттер жалдап апарған жалғыз көлік өрге қарай жүре алмаған соң, С.Әбдінәлиев ағамыз бастаған алпамсадай жігіттер апамызды бейіт басына дейін арқаларына салып апарыпты...

Қараусыз қалған қабір

Жұма күні Жәрдем ағаның көлігімен Кеңсай жақты бетке алдық. Қорым басына жеткенімізде күн төбеден ауып кеткен еді. Көліктен түскен біз жолбастаушымыздың соңынан еріп келеміз. Батыр баба Бауыржанның басына тау етіп әрі жылжыдық. Кенет кілт тоқтаған Жәрдем ағаға бір, төмпешіктен гөрі шөп шөмелесінің орнына көбірек ұқсас жерге бір қараған біз аң-таңбыз. Зират дейтіндей я қоршау, я құлпытас жоқ. Сұраулы жүзімізге қараған ағамыз: «Қазақ боксының атасы Шоқыр аталарың мен қазақ балетінің жұлдызы Нұрсұлу Тапалова апаларың осы жерде жатыр», – деді. Даусында діріл бар. Аруақтарға бағышталған құранға тізе бүгіп қол жайған біздің ішкі дүниеміз алай-дүлей. Ай мен күннің ама-нында аруақ алдындағы парызын ұмытпаған атам қазақ тірінің байығаны емес, өлінің риза болғанын қаламап па еді... Көз алдымызда шөп басқан төбе. Құдды осы шөп ұлыларын ұлықтай алмай жүрген біздің көзімізге түскендей жерге қараймыз. Қайран, жұмбағы көп қос жұдырық пен сырға толы сиқырлы саусақтың иелері! Бұл жалғандағы таршылықтан көрген құқайларың аздай, мәңгілік мекендерінде даусы естіледі. Өлексеге үймелей қалатын қарға-құзғынды «жаман немелер жүз жасайды» деп жақтырмаушы еді бұрынғылар. Мағынасыз ұзақ жасағанның мәні қанша дегенді аңартқандары шығар. Одан гөрі биігін бағындырған соң өзін қиядан тастап жіберетін қыран өрлігін мақтан тұтады. Осынау «От бол, от болмасаң жоқ бол!» деген ұлы өмір заңына ғана мойынсұнған тағдыр иелері Нұрсұлу мен Шоқыр алдында кінәлі жандардай ілбіп басып бара жаттық.

Түйін:

Бүгінде я Нұрсұлу апамыздың, я Шоқыр атамыздың атында не бір көше, не бір мектеп жоқ. Тіпті өмір бойы тұрған үйлеріне ескерткіш тақта да ілінбеген. Маңғыстау облысының әкімі Қырымбек Көшербаев пен Ақтөбе облысының әкімі Елеусін Сағындықов та кезінде талайлармен қолғап түйістірген «ежелгі» боксшылар екенін ел біледі. Ол аздай еліміздегі Бокс Федерациясының президенті Тимур Құлыбаев Шоқ атамыздың төл шәкірті белгілі боксшы Асқар Құлыбаевтың ұлы. Ендеше тізгін ұстаған билғары қолғапшылар Шоқыр атамыздың басын қарайтса, құрылғанына 75 жыл толған опера және балет театрына Нұрсұлудай өз талантын тарих тұңғығынан аршып алу ғана қалады. Сонда ғана республикалық деңгейде Нұрсұлу Тапалова атындағы бишілер байқауы мен Шоқыр Бөлтекұлы атындағы спорт мектебі ашылса ғой деген ел үміті ақталып, аруақ алдындағы парызымыз өтелер еді-ау!

Динара ІЗТІЛЕУ
Анар ДҮЙСЕНБАЙ

ХАЛЫҚШЫЛ ДЕПУТАТ – КОҒАМ КӨШБАСШЫСЫ

«Егемен еліміздің қазіргіден де қарыштап дамуына кімдердің үлесі жетіспейді?», - деген сауалға өз басым ар-ожданы таза, жеке басының мүддесінен елінің елдігін, болашағын бірінші кезекке қоятын нағыз ұлтшыл тұлғалар жетіспейді дер едім. Сондай отаншыл, өзінің біліктілігімен елін сүйсіндірген басшылардың бірі Еркін Жиеналин.

Оны ойылдықтарға таныстырып жатудың өзі артық. Ойылда Еркін Жұмағазыұлын танымайтын жан жоқ шығар. Себебі ол, шыдамдылық пен табандылықты өмірлік ұстанымы ретінде қабылдаған жайсан жан. Елдегі саяси ахуалдың барлық баспалдағынан өз пайымымен, парасаттылығының арқасында сүрінбей өтіп, әрдайым қаймана халықпен бірге мұң-мұқтаждықтарына құлақ тосып келеді. Еңбек жолын көршілес Қобда ауданынан бастап, облыс орталығында да ол, көптеген мемлекеттік қызметте іс-тәжірибе жинады. «Ер туған жеріне» демекші кейін туған жерге келіп, бірқатар жұмыстардың алға басуына септігін тигізді. Соның бір жарқын көріністері, ауыл әкімі болып тұрған кезінде ауылдың

автоматты түрде жанып-сөнетін көше шамдарын орнату, өз сызбасымен жасақтаған «Тәуелсіздік паркі», ауыл шетінде бос тұрған бұрынғы туберкулез ауруханасының орнына бой көтерген «Көкжар-керуен» символикалық монументі деп айтуға болады.

Өткен шақырылымдарда депутат бола жүріп Еркін Жұмағазыұлы мәслихат сессияларда өзінің ойларын тура айтып, бюджеттік қаражаттың тиімді жұмсалыуына, оның халықтың игілігіне бағытталуына себепкер болды. Ауданды қуатты техникалармен қамтамасыз ету жағынан бастама көтеріп, аудан игілігіне жаңадан берілген автогрейдерді алу үшін қаражат бөлінуіне тікелей мұрындық болған да Еркін Жұмағазыұлы еді. Әрине басшы болып істеген адамның атқарған қызметіне баға беретін халық пен уақыт. Одан асқан сыншы жоқ. Ел-жұрт кімнің кім екенін жақсы таниды. «Халық айтса, қалт айтпайды» дейтіні де содан.

Еркін Жұмағазыұлы қай салада болмасын өзі қызмет қылған кезеңде мойнына жүктелген міндетті абыройлы атқарып, ісіне адалдығымен, еліне жасаған

жақсылығымен танылып, адами қасиетті өмірінің темірқазығындай берік ұстанып келеді. Бойында ақындық қасиеті бар азаматтың әрдайым біз халқына жақын екенін жақсы білеміз.

Әлемнің екінші ұстазы атанған, ойшыл, ғалым Әл-Фарабидің «Қайырмды қала тұрғындары» трактаттарын яғни, адамгершілік пен кемелділіктің үстемдік құруын ұстанған Еркін Жұмағазыұлының басты мақсаты жаһандану дәуірінің сын-қатерлері мен сұраныстарын ескере отырып, ел дамуының легінде ауданымыздың экономикасын жаңа заманға лайықты ілгерілетіп, ел-халықтың әлеуетін арттырып, өмір сүру сапасын жақсарту. Қазіргі таңда Ойыл аудандық мәслихаты депутаттығына үміткер Еркін Жиеналиннің сайлауалды бағдарламасы негізінен автокөлік жолдарының құрылысына қаржы бөлуге ықпал етуге бағытталып отыр. Ендеше Ойыл аудандық мәслихат депутаты болуға әбден лайық жанның бірі де, бірегейі осы Еркін Жиеналин екеніне сенімім мол.

Муса ӨДІЛБАЙҰЛЫ,
Үміткердің сенімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленеді.

ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК БЕРІЛЕДІ



ҚР Президентінің биылғы 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын өткізу туралы Жарлығы шықты.

Біздің ауданда да мәслихат депутаттығына үміркерлер өз бағын сынауда.

Осы орайда ауданның идеологиясына үлес қосып, ҚР мемлекеттік жастар саясатын ауданымызда қарқынды жүзеге асырып отырған Жангүл Изгарина «Жастарға жаңа мүмкіндік» береміз деген нық сеніммен алғаш рет №3 бірмандаттық сайлау округінен мәсли-

хат депутаттығына үміткер болып отыр.

2002 жылы Ойыл қазақ орта мектебін бітіріп, Ақтөбе облысындағы Қазақ гуманитарлық заң колледжін қызыл дипломмен бітірді. Сонымен қатар С.Бәйешів атындағы университетінің құқықтану факультеті бойынша заңгер мамандығы дипломын алды.

2005-2007 жылдары аралығында Ойыл аудандық өнер және өлке тарихи музейінде экскурсия жетекшісі қызметін атқарып, музей қорын толықтыруға зор үлес қосты.

2007 – 2009 жылдары аралығында Ойыл аудандық әлідет басқармасында жылжымайтын мүлікті тіркеу инспекторы қызметін атқарып, Ойыл ауданының жылжымайтын мүлік яғни тұрғын үйлерін жаппай легализациялау жұмыстарын қарқынды жүргізді.

2009 – 2010 жылдары Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде жасақтау қызметінде уақытша қызмет етіп жүріп, шұғыл әскери қызметке шақыртушылардың жеке істерін дайындап, жоғары әскери оқу орындарына ниет білдірген үміткерлердің жеке

істерін жасақтап, әскери оқуға түсуге ықпал етті. Үгіт насихат жұмыстарын жастар арасында қарқынды жүргізді.

2014 – 2018 жылдары Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығында кеңесші – заңгері болып қызмет атқарды.

2018 жылдан бастап осы уақытқа дейін Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы лауазымын атқарады.

Жангүл Бақытжанқызы осы уақыт аралығында облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталып, көптеген сертификаттар иегері атанды. Өңірдегі жастар саясатының жүзеге асырылуына қосқан елеулі үлесі үшін 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 өкімімен Ақтөбе облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №64 өкімімен аудан әкімінің сыйлығының иегері атанды. Отбасылы, 4 бала тәрбиелеп отыр.

Сондықтан, №3 бірмандаттық сайлау округінің сайлаушыларын Жангүлге дауыс беруге шақырамын!

Зоя ДАУЫЛБАЕВА,
Кандидаттың сенімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленеді.

14 наурыз 2023 жыл 3
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ



Ұйым облыстың Іскер әйелдер кеңесінің қолдауымен "Атамекен" өңірлік кәсіпкерлер палатасының әлеуметтік даму және адами капитал комитетінің отырысы шеңберінде құрылды.

Қауымдастықтың қызметі әлеуметтік саладағы қоғамдық маңызы бар кәсіпкерлік жобаларды ілгерілетуге, әртүрлі деңгейдегі билік органдарымен өзара іс-қимылды дамытуға, әлеуметтік кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін ұсынуға және қорғауға, қоғамдық бірлестіктермен және кәсіпкерлерді қолдау институттарымен өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған.

"Кемек" әлеуметтік кәсіпкерлер қауымдастығы әлеуметтік кәсіпкерлер мен өз әлеуметтік бизнесін ашқысы келетін азаматтарды, әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы сарапшыларды ынтымақтастыққа шақырады. Біздің стратегиялық мақсаттарымыз қызметтің бірыңғай кәсіби стандарттарын, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін базалық инфрақұрылымды құруға, қауымдастық мүшелері үшін коммуникативтік алаңды қалыптастыруға жолданған. Негізгі мақсат ретінде әлеуметтік кәсіпкерлік туралы заң жобаларын жетілдіруге жәрдемдесуді атап өтеміз", — дейді бірлестік төрағасы Әлия Өмірзақова.

Айта кетейік, ол өңірде алғашқылардың бірі болып әлеуметтік кәсіпкерлер тізіліміне енді. Әлия Өмірзақова Қазақстанда, Ресейде (Башқұртстан), Израильде оқыды. Әдістемелерді игерді, жабдықтарды әкелді, дәрігерлермен байланыс орнатты. Ол ең қиын балалармен, церебральды сал ауруымен жұмыс істей бастады. Қазіргі уақытта оның үш нысаны бар: "Логоритм" педагогикалық түзету орталығы, "Вектор знания" Оқу орталығы, "Альфия" балабақшасы.

"Менің ойымша, бізде әлеуметтік бағдарланған адамдар, кәсіпкерлер жеткілікті. "Әлеуметтік кәсіпкерлік" ұғымы ресми түрде Кәсіпкерлік кодексінде бекітілген. Қазір заңға тәуелді актілер бөлігінде ұсыныстар пакеті қалыптасуда. "Атамекен" Ұлттық палатасы үлкен жұмыс атқаруда. Әлеуметтік кәсіпкерлер нақты нұсқаулар әзірлеуді сұрайды, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін іріктеудің, мониторингтеудің және бағалаудың ашықтығы мәселелеріне алаңдаушылық білдіреді. Сондай-ақ, қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға мемлекеттік қолдау шаралары, гранттар бойынша қосымша компонент енгізу мүмкіндігі талқылануда. Өңірлік

палата жанындағы әлеуметтік даму және адами капитал жөніндегі комитет барлық мәселелер мен ұсыныстарды талқылау алаңына айналуда дайын. Біз осы саладағы кадрлық мәселеге, сондай — ақ ерекше балалармен жұмыс істейтін педагогтардың еңбегіне ақы төлеуге алаңдаушылық білдіреміз", - деп атап өтті комитет төрағасы Күлпаршын Айдарханова.

Бірінші ұйымдастыру жиналысына Ақтөбе облысы ҰЕҰ қауымдастығының президенті Айгүл Дүйсенова да қатысып, болашақ әлеуметтік кәсіпкерлікте екенін атап өтті.

"ҰЕҰ әлеуметтік мәселелерді шешіп, өзі ақша табуды және жұмыс орындарын құруды білсе, дұрыс жол. Сіз қазір нақты проблемаларды шешіп жатырсыз, жақсы мамандар жоқ, балаларға арналған арнайы орындар жоқ. Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне кіру жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары ретінде мен тағы да көптеген олқылықтарды, әлсіз критерийлерді көремін. Әрі қарай дамыту үшін тиімді қолдау құралдарына қол жеткізу үшін барлығымыз бірге жұмыс істеуіміз керек", - деді ол.

ТІЛ — ҰЛТТЫҢ АЙНАСЫ

Тіл — ұлттың төлқұжаты, оны басқа халықтардан ерекшелейтін ең негізгі белгісі. Ана тілі адамға ана сүті мен әке қаны арқылы беріледі. Бала өз ана тілінің құнарынан нәр алып, сол тілмен сусындап өседі. Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтыт. «Ұлттың сақталуына да, жоғауына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Тіл меңгеруде ата-ананың рөлі ерекше екенін, ер отбасы уыз шағынан балаға қазақ тілін үйретуді қолға алса,

бұл тілдің еш қиындығы жоқ. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйла-мас» демекші, өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. М.Шахановша айтатын болсам, қазіргі таңда өз тілін өгейсіп, «мәңгүрт-теніп» жүргендер көп. Шынында қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз- ақ жәйт. Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі.

Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл- адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым- қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға

көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қардлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу — әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Еліміздің тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы тілі мен психологиясына оның өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді.

Ата-бабамыздан қалған: «Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген сөз бар. Әрине, құлтарға боларлық ой, бірақ, өзге тілді білемін деп жүргенде өз тілімізден көз жазып қалмайық! Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да — тіл. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті, өрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда.

Ана тіл - халық боп жасағаннан

бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі,- деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтанш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс.

Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Өлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл сөлосы.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл сөлосы
Әділбек Керімович Керімов
10.02.1965ж – 17.03.2022ж



Барында, жоғында да дәулетіңнің, Көңілін қалдырмадың әлдекімнің. Уақыт жүйрік, жыл да өтіп барады, Қимас көңіл жоққа ардақты өріптесіміз! Мекеніңіз төрі болғай жұмақтың, Ақ бейнеңіз жадымызда мәңгі қалады.

Еске алушылар: ЖШС «Ақтобэнеэргоснаб» Ойыл АЭЖУ

Бір жылдай уақыт бір күндей зымырап, өтті де кетті... Бүгінгі таңда өріптесіміз Әділбек Керімұлын еске аламыз.

Бір жыл толды өмір өзен тоқтағалы, Жүрегі нар тұлғаның соқпағалы. Өмірдің жиылғандай бар керегі, Сыйластың елдің жақсы ардағымен. Араласып бетке ұстар саңлағымен, Ұл-қызыңызды өсіріп, татулықпен Қол ұстасып келіңіз жан-жарынмен.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

Құрметті сайлаушылар!

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2023 жылдың 9 наурызындағы қаулысымен ауа-райының қолайсыздығынан автокөлік жолдарымен қатынастың нашарлауына байланысты тізімдегі сайлаушылар дауыс беріп болса, төмендегі сайлау учаскелерінде дауыс беруді аяқтау уақытынан ерте аяқталатын болып шешілді :

р/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері
1	№398	Ш.Берсиев ат.ауылдық округтің Қарасу ауылы «Құрманов бастауыш мектебінің» ғимараты
2	№400	Көптоғай ауылдық округінің Қарасу ауылы Қарасу ауылдық клубының ғимараты
3	№409	Саралжын ауылдық округінің Шикұдық ауылы Теректі негізгі мектебінің ғимараты

Бұл туралы хабар Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында 2023 жылдың 9 наурызында орналастырылды

ОЙЛАДЫҚТАР РЕСПУБЛИКАҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ | САЯТТЫҢ ЖЕҢІСІ



Облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің 5-6 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы жалғасуда. 9-10 наурыз күндері Ұлттық мектеп лигасы асық ату және бес асық жарыстары өтті. Жарысқа 13 команда 39 оқушы қатысты. Жарыс нәтижесінде I орынды Ж.Жүсіблиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі командасы жеңіп алып, республикалық біріншілікке жолдама алды.

«Асық ойнаған азар...» деп басталатын ұлттық ұғымды теріске шығарып, облыстан озып, жеңіске жеткен жас спортшыларымызды және жаттықтырушысы Нұрлыжан Мұқашевты жеңістерімен құттықтай отырып, Республикалық лигада сәттілік тілейміз!

Талдықорған қаласында еркін күрестен жасөспірімдер мен жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Чемпионатқа Ақтөбе облысы құрама командасының мүшесі, Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушысы Саят Сисенбайұлы қатысып, қола жүлдеге ие болды. Жаттықтырушысы Нариман Болысбаевты және жеңіс тұғырынан көрінген жас палуан Саятты жеңісімен құттықтай отыра, жеңісті күндеріңіз көп болсын дейміз!



СПОРТ АРДАГЕРІНІҢ ТОЙЫНА АРНАЛҒАН ДОДА



Өткен сенбі дене шынықтыру-сауықтыру спорт көшенінде спорт ардагері Бауыржан Смағұлұлы Олжабаевтың 63 жас мерейтойына орай волейболдан мекеме қызметкерлері арасында аудандық турнир өтті. Турнирдің ашылу салтанатында Бауыржан ағамызға сый-құрмет көрсетілді. Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Нұрлан Атағалиев мерейтой иесіне ізгі лебізін білдіріп, қазақы дәстүрге сай

иығына шапан жапты. Ойыл аудандық білім бөлімі, балалар-жасөспірімдер спорт мектебі атынан да құттықтау хат, «Спорт ардагері» төсбелгісімен бірге мерейтой иесінің иығына шапан жапты. Келесі кезекте Бауыржан Олжабаев ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді. Құтты меймандардың мерейтой иесіне деген тілектерінен кейін, жарыстың алғашқы ойындары да басталып кетті. Жалпы аудандық турнирге 12

команда қатысты. Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің командасы қарсыластарына дос бермей, турнирдің жеңімпазы атанды. Екінші орынға Ойыл қазақ орта мектебі командасы иеленсе, Ж.Жүсіблиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің командасы үшінші орынды місе тұтты. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мақтау қағаздары, медальдар және естелік, ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

НАУРЫЗЫН АУЫЗДЫҒА АЛДЫҒА! НЕМЕСЕ АМАЛ МЕРЕКЕСІ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

БҮГІН – КӨРІСУ КҮНІ. 14 НАУРЫЗДА ЕЛІМІЗДІҢ БАТЫС Өңірлері НАУРЫЗ Мейрамының басы КӨРІСУ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТІП ЖАТЫР. БҮЛ КҮНДІ АМАЛ МЕРЕКЕСІ ДЕП ТЕ АЙТАДЫ. ХАЛЫҚ ҚЫСТАН АМАН-ЕСЕН ШЫҚҚАНЫНА, КӨКТЕМГЕ АЯҚ БАСЫП, ТУЫС-ТУҒАН, КӨРШІ-КӨЛЕҢМЕН ЖҮЗДЕСКЕНІНЕ ҚУАНЫП, ҚОЛ АЛЫСЫП, ТӨС ҚАҒЫСАДЫ.



Бір-біріне деген араздық, өкпеленшілті ұмытып, амандық тілейді. Осыған орай Көрісу қашан және қалай пайда болды, қалай тойланады деген сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

Көрісу – жаңа жыл, жаңа өмір, жаңа күн
Бұл мереке туралы ғалымдар пікірі әркімде. Көрісу күнін зерттеп, зерделеп жүрген ғалымдардың кейбірі бұл күнді географиялық ерекшеліктермен байланыстырса, кейбірі Наурыз мейрамының алғашқы мерекесі деп қабылдайды. Ал кейбір ғалымдар бұл дәстүрдің шығу тегінің күнтізбенің ауысуымен байланыстырады. Тарихшылар мәліметіне сүйенсек, 1918 жылдың 24 қаңтарында Халком кеңесі Григориан күнтізбесін қолданысқа енгізеді. Бірақ екі күнтізбе айырмашылығы 13 күн болып қалған. Соған байланысты 1918 жылдың 31 қаңтарында ескі күнтізбені аяқтап, 14 ақпанда келесі айды бастаған. Осы деректі басшылыққа алса 1 наурыз -14 наурызға тап келеді. Ол - жыл басы, күнтізбедегі көктемнің алғашқы күні саналған. Оның қашаннан бері тойланып келе жатқаны туралы нақты ақпа-

рат жоқ. Мерекенің шығу тегінің әлі де егжей-тегжейлі зертеуді, жан-жақты салыстырып, зерделуді қажет етеді. Көрісу – татулық, мейірімділік, ізеттілік. Көрісу күні, кей өңірде Амал мерекесі Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан өңірлерінде атап өтіледі. Дегенмен тек Батыста тойланған деген жаңсақ пікір. Бұл - қонақжай қазақ халқына ортақ ежелден келе жатқан көктем мерекесі. Мерекенің шығу тарихы анық болмағанымен, мәні көпке аян. Бұл күні жасы кішілер жасы үлкен әулет мүшелеріне амандық-саулық тілеп, үй-үйді аралайды. Кішкене балалар әр үйден көде-сый алады. Әр адам міндетті түрде үш үйдің есігін ашу керек деген де бар. Жыл басында бір-бірі көріп үлгермеген алыстағы туыс-туған жыл ортасына дейін кездесіп, көрісе береді. Бұл – ұрпақты татулық пен бауырмалдыққа тәрбиелеу, ізеттілік пен мейірімге баулу үрдісі.

Мамандар не дейді?
"Көрісу күнін Наурыз мейрамының бастауы деп айтуға болады. Көрісу дәстүрінің тарихына үңі-

сек, ертеректе жапан далада қыс айларында мал баққан көпшенді халық бір-бірімен көрісе алмай, бір-бірін тек көктем келгенде Наурыз мейрамына қарай көре алған екен. Сол уақыттан бері көрісу дәстүр ретінде сақталып калға. Шығыс елдерінің кезіндегі күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы хамал (амал) айының 1 жұлдызы болып есептеледі. Хамал деп отырғанымыз Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады деген ұғым қалыптасқан. "Наурыз" сөзі "жаңа күн" дегенді білдіреді. Ертеде қазақ бұл күнді "наурыз" демей "амал" деген. Бұл сөздердің айырмашылығы жоқ деуге болады. Ал бұл қазіргі күнтізбе бойынша 14 наурызға сәйкес келіп отыр", - дейді тарихшы Жұлдыз Оспанова. Ал этнограф ғалым Досымбек Қатранұлы қалай атап өтілетінін, қай жақта аталып жүргенін әңгімелейді. Этнограф ғалым қазіргі күнде бұл мерекенің қалай атап өтілетініне тоқталды. "Бұл күні әулеттің үлкендеріне барып, сәлем беріп, көрісіп, "жас құтты болсын" деп амандасады.

Көде-сыйларымен де барып жатады. Ал шаруамен өзге жаққа кетіп қалғандар тіпті жазға дейін келіп амандасса, соның өзі көрісуге жата береді, себебі жыл толғаннан кейін бірін-бірі көрмеді. Ал "Жас құтты болсын" деген не сөз? Бұл - көшпелілердің туған күн тойламайтынын анықтап отыр. Бәрі жасына жас қосқан-дұқтан, осы күні ғана "жас құтты болсын" деген тілекті айтады. Осыдан-ақ, көшпелілерде жеке адамның туған күнін тойлау дегеннің болмағанын біліп отырымыз", - дейді Қатранұлы.

«Амал» мерекесі неге 14 наурызда тойланады?
Қазақстанның батыс облыстарындағы тұрғындар Наурыз мейрамын тойлауды бүгіннен бастап кетті. Ол жақтағы жұрт бұл мерекені «Көрісу» немесе «Амал» мерекесі деп атайды. Таң аттысымен «Көрісу» мерекесін асыға күткен әрбір отбасы дастарханын қазақтың құрт, бауырсақ, ақ ірімшік, қызыл ірімшік, сары май, уыз сынды дәстүрлі тағамдарымен көмкеріп, наурыз көжесін дайындап, табалдырығын аттаған әр қонағын жылы жүзбен қарсы алады. Оларға ерекше ілтипат көрсетіп, төріне шығарады, ас ұсынады. Дәл осы күні әр адам өзінен жасы үлкен кісілердің шаңырағына кіріп, амандасып, көріседі, барған үйіне «Бір жасыңызбен!» деп еніп, жаңа жылға аман-есен аяқ басқан жора-жолдас, туған-туысқандарын құттықтайды. Бір-біріне деген өкпе-реніштері болса, кешіріседі, амандық-саулық тілеседі. Сондай-ақ, әр отбасы көршілерімен көріседі. Бұл күні әр адам міндетті түрде үш үйдің есігін ашуы керек, яғни түске дейін үш үйге кіріп, көрісіп үлгеруі тиіс. Үйді-үйді қыдырып жүргенде кішкентай балаларға аналары шағын қорба ұстатып қояды. Балақай қай үйге көрісуге кірсе, сол үйдің дастарханынан ауыз тиіп, бауырсақ, тәттілерден салып алады. Бұл жоралғы жыл бойы балаларымыз тоқ жүрсін, дастарханымыз аралас болсын, қарым-қатынасымызға сызат түспесін деген ниеттен туған. Бір ерекшелігі - «Көрісу» бір күнмен шектелетін мереке емес, ол наурыздың 14-інен басталып,

айдың соңына дейін жалғаса береді.

«Көрісу» мерекесі неге 14 наурызда тойланады?
Жалпы, біз «жыл» деп Жердің Күнді айналуын, «ай» деп Айдың Жерді айналуын, тәулік деп Жердің өз осын айналуын айтамыз. Жердің Күнді айналуы - 365 тәулік 5 сағат 54 минут болса, Айдың Жерді айналуы - 29 тәулік 11 сағат 49 минут, ал, Жердің өз осын айналуы - 23 сағат 56 минут 4 секунд. Бұдан біз ойлағандай жылдың дәл 365 күн, айдың дәл 30 күн, тәуліктің дәл 24 сағат емес екендігін ұғамыз. Біздің жыл санауымыздың 45 жыл бұрын Рим императоры Юлий Цезарь, сарай жұлдызшыларының кеңесі бойынша «Египет» күнтізбесінің негізінде елге жаңа күнтізбе енгізеді. Бұл күнтізбе бойынша жаңа жыл 1 наурыздың (марттан, март - Марс, ежелгі Римнің пұт құдайларының бірінің аты) басталды. Юлий күнтізбесі Еуропаға кеңінен таралып, өзінен де дәл жаңа күнтізбе шыққанша 1600 жыл бойы «дәурендеді». Көйінірек жүргізілген есеп бойынша, «Юлий» күнтізбесінің 128 жылда 1 тәулікке артта қалатын қатесі бары анықталды. Бұл жаңалық жаңа «Григорий» күнтізбесінің пайда болуына ықпал етті. Ал, патшалық Ресейге «Юлий» күнтізбесі І Петрдің жарлығымен 1700 жылы енгізілген. Бұған дейін әлем жаратылғанынан бері деп есептеліп келген 7208 жыл - 1 қаңтардан бастап 1700-ші жыл деп өзгертілді. Ал, ол кезде Еуропа «Григорий» күнтізбесіне ауысып кеткен еді (1582 ж.). Екі күнтізбедегі айырмашылық себебінен бұл кезде Ресейде 1700 жылдың 1 қаңтары болса, Еуропа елдерінде 1700 жылдың 10 қаңтары кіріп жатқан еді. Уақыт өтуімен «Григорий» күнтізбесі бүкіл әлемге таралды. Біз құрамында болған Кеңес Одағына ол 1918 жылы енгізілді. 1918 жылдың 24 қаңтарында «Батыс Еуропа күнтізбесінің Ресей мемлекетіне енгізілуі туралы» В.И. Ленин қол қойған декрет қабылданды. Бұл кезде «Юлий» және «Григорий» күнтізбелерінің арасындағы алшақтық 13 күнге жеткен еді (1700 жылы екі күнтізбедегі айырмашылық 10 күн болғанын

жоғарыда айтқанбыз). Декретте көрсетілгендей 1918 жылдың 31 қаңтарынан кейінгі күн - 1 ақпан емес, 14 ақпан болып есептелді. Соның әсерінен бұрын 1 наурызда Жаңа жыл - Ұлыс күнін тойлайтын қазақ елі 1918 жылдан бері қарай «Көрісу» мерекесін 14 наурызда тойлайтын болды. «Наурыз» неге «Амал» мерекесі деп аталған? Шөкәрім қажының баласы Ахаттың естелігі: «14 март - ескіше 1 март. Өкей айтты: «Бүгін ескіше 1 март, қазақша жаңа жыл, ұлыстың ұлы күні дейді. Ал жаңа жылдың бұрынғы аты - Наурыз, бұл фарсы тілі. «Жаңа күн» деген сөз. Қожа-молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, құрбан, ораза айттарын ұлыс күні дегізіп жіберген. Ескі қазақша, ескі түрікше жаңа жыл күнінің аты - «ұлыс». Жаңа жыл басының ұлыс екеніне мынадай дәлел бар. «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда ожалы жол болар» - деген, тіпті ескі мақал». Шығыс елдерінің (шәмси) күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы хамал (амал) айының 1 жұлдызы болып есептеледі. Хамал - Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады. «Наурыз» сөзі парсының «жаңа күн» дегенінен шыққанын айтқанбыз. Ертеде біздің қазақ бұл күнді «наурыз» демей «амал» деген. Бұл қазіргі күнтізбе бойынша 14 наурызға сәйкес келеді. «Көрісудің» екінші атауы «Амал» болуының сыры осында жатса керек. Ал «Көрісу» деп аталып кетуі осы «Амал» мерекесінде жасалатын басты сап - көптен көрмеген бір-біріне жақын адамдардың кездесіп, көрісуі, өкпе-ренішке байланысты бет көріспей жүрген кісілердің кешірісіп, жүздесуінен туған болса керек.

P.S. Маңғыстау, Атырау облыстарында төгіс, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының кей бөлігінде аталып өтілетін бұл мерекені көршілес Ресейдің Астрахан, Саратов, Оренбург өлкесіндегі қазақтар да, Қарақалпақстанның қазақтар көп қоныстанған өңірлері де тойлайды.

Интернет иірімдерінен